



ҚАУЛЫ

2017 жылғы 13 қыркүйек
Үлкен Нарын ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 534
село Улкен Нарын

Жекешелендіруге және сенімгерлік басқаруға жататын Катонқарағай ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін және комиссия құрамын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, 37-бабының 1, 2 тармақтарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабының 2), 6) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Катонқарағай ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының № 1 қосымшасына сәйкес, жекешелендіруге жататын Катонқарағай ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының № 2 қосымшасына сәйкес, сенімгерлік басқаруға жататын Катонқарағай ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі бекітілсін.

3. Осы қаулының № 3 қосымшасына сәйкес, жекешелендіруге және сенімгерлік басқаруға жататын Катонқарағай ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін бекіту туралы комиссия құрамы бекітілсін.

4. «Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте осы қаулыны жүзеге асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Бексұлтановқа жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы



Ж. Тыныбеков

Катонқарағай ауданының
 әкімдігінің 2017 жылғы
 « 13 » қаңтар
 № 334 қаулысына
 1 қосымша

**Жекешелендіруге жататын Катонқарағай ауданының коммуналдық
 меншік объектілерінің тізбесі**

№ р/с	Мүліктің атауы	Мүліктің орналасқан жері	Мүліктің балансұстаушысы
1	2	3	4
1	Малонарым ауылындағы бұрынғы фельдшерлік акушерлік пункт ғимараты	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Малонарым ауылы, Советская көшесі, № 2/1	«Солоновка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
2	Аққайнар ауылындағы отбасылық дәрігерлік амбулаторияның бұрынғы ғимараты	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Аққайнар ауылы, Абай көшесі, № 43	«Аққайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
3	Катонқарағай ауылындағы инфекциялық бөлімнің бұрынғы ғимараты	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Жампеисов көшесі, № 19/1	«Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
4	Катонқарағай ауылындағы 3 көппәтерлі тұрғын үйлер	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Оралхан Бөкей көшесі, № 102, № 104, № 106	«Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
5	ВАЗ 11183 автокөлігі, мемлекеттік нөмірі F 228 СО, 2007 жылы шығарылған, күміс металлик түсті, қозғалтқыш № 4668169, шасси Н/У шанақ № ХТА11183070111939	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 109 а	«Катонқарағай ауданының әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

6	Құрамында алтыны бар 47 қап кен	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 106	«Үлкен Нарын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
7	«Нарын-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік үлесінің 30 %	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Восточная көшесі, № 1	«Нарын-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Катонқарағай ауданының
әкімдігінің 2017 жылғы
« 13 » қазан 2017
№ 334 қаулысына
2 қосымша

**Сенімгерлік басқаруға беруге жататын Катонқарағай ауданының
коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі**

№ р/с	Мүліктің атауы	Мүліктің орналасқан жері	Мүліктің балансұстаушысы
1	2	3	4
1	Ново-Хайрузовка ауылындағы слесарлық шеберханасы	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Ново-Хайрузовка ауылы, Первомайская көшесі, № 2	Ново-Хайрузовка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
2	Ново-Хайрузовка ауылындағы ағаш шеберханасы	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Ново-Хайрузовка ауылы, Первомайская көшесі, № 2	Ново-Хайрузовка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
3	«Айгөлек» бала бақшасының бұрынғы ғимараты	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Амангельды көшесі, № 31 а	«Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Катонқарағай ауданының
әкімдігінің 2017 жылғы
« 13 » қазан 2017
№ 334 қаулысына
3 қосымша

Жекешелендіруге және сенімгерлік басқаруға жататын Катонқарағай ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін бекіту бойынша комиссия құрамы

Комиссия төрағасы: Е.А. Бексултанов – аудан әкімінің орынбасары;

Комиссия төрағасының орынбасары: Ж.К. Сарсенбаева – Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысының міндетін атқарушы;

Комиссия мүшелері: Қ.К. Садуов – Катонқарағай аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары (келісімі бойынша);
Б.К. Ережепов – ШҚО кәсіпкерлер палатасының Катонқарағай аудандық филиалының директоры (келісімі бойынша);
А.Ш. Какоков – Катонқарағай аудандық мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы;
С.В. Гаврилов – Катонқарағай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы;
Б.А. Молдабаев – Катонқарағай ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы;

Хатшы: Нуртас А.Н. – Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімінің бас маманы.